

ЖАҢАЛЫҚТАР

Тоқаев Пашинянды партиясының сайлаудағы жеңісімен құттықтады

8 маусым 2026 жыл, 10:33



Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев (оң жақта) пен Армения премьер-министрі Никол Пашинян (архивтегі фото)

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Армения премьер-министрі Никол Пашинянды "Азаматтық келісім" партиясы парламент сайлауында жеңіске жетуімен құттықтады, деп [хабарлады](#) 8 маусым күні Ақорданың баспасөз қызметі.

"Көптеген халықаралық байқаушының алдын ала мәліметінше, сайлау елдің қолданыстағы сайлау туралы заңнамасына сай, ашық әрі азаматтардың еркін білдіруіне тиісті жағдай жасала отырып өткен. Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашиняанның Армения елінің ұзақмерзімді ұлттық мүддесі жолындағы қызметте табысқа жете беруіне тілектестік білдірді", делінген Ақорда жариялаған ақпаратта.

Тоқаев "Қазақстан достас Армениямен барлық салада өзара мүддеге сай белсенді

ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін" айтып, армян халқына мемлекеттілікті дамытуда сәттілік, бейбітшілік пен бақ-береке тілеген.

Арменияда 7 маусымда өткен парламент сайлауындағы бюллетеньдердің жартысынан көбі саналғаннан кейін жария етілген алдын ала деректерге сәйкес, биліктегі "Азаматтық келісім" партиясы көш бастап тұр.

Дауыс санау әлі толық аяқталған жоқ, алайда Орталық сайлау комиссиясы жариялаған алдын ала деректер Пашинянның партиясы озғанын көрсетеді. Армения басылымдары жариялаған бейресми деректер қарама-қайшы болғанымен, олар да Пашинянның партиясы алға суырылып шыққанын айтып отыр.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Пашинян өз партиясы сайлауда жеңгенін мәлімдеді

Дүйсенбіге қараған түні, дауыс санау аяқталмай жатып Пашинян өзінің "Азаматтық келісім" партиясы парламент сайлауында жеңіске жеткенін мәлімдеп, енді партия үкіметті жалғыз өзі құратынына сенімді екенін білдірді.

"Бұл тарихи жеңіс Армения Республикасының дамуын қамтамасыз ететіні даусыз", деді ол.

Пашинян сөзінде Арменияның Түркиямен және Әзербайжанмен қарым-қатынасын жақсарту ниеті барын, оған қоса Ереван Батысқа жақындауды жалғастыратынын, сонымен бірге Еуразия экономика одағына мүшелігінен бас тартпайтынын мәлімдеді.

Оппозиция Пашинянның дауыс санау жалғасып жатқан шақта жасаған мәлімдемесін сынға алып, оны Орталық сайлау комиссиясына қысым жасады деп айыптады. Оппозиция өкілдері сайлау барысын сынға алып, билікті заңды таптады деп кінәлады.

Бұл сайлау Мәскеу Пашинянның саясатын қатты сынға алып, Армения мен Ресей арасындағы қарым-қатынас бұрын-соңды болмаған дәрежеде шиеленіскен тұста өтіп жатыр.

Армения ОСК сайлаудың түпкілікті қорытындысын бүгін жарияламақ.



Оқи отырыңыз

Арменияда парламент сайлауы өтті

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ